



Автор: БИХАН БОЛАТ ЖАҚСЫБАЙҰЛЫ

Пән: География

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Дүниежүзі аймақтары

Тақырып: Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары

Сабақтың мақсаты:	Оқушылар шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік және заманауи факторларды талдайды
Оқыту мақсаты:	10.4.1.5 шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік (аумақтық) факторларды талдау 10.4.1.6 дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторларын талдау
Бағалау критерийі:	Қолдану - Қосымша ақпараттар арқылы шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік және заманауи факторларды анықтай алады Талдау - шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік факторларды талдайды - дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторларын талдайды
Тілдік мақсат:	Пәнге қатысты лексика мен терминология шаруашылық салалары, шаруашылықты орналастыру факторлары, кеңістіктік фактор, заманауи факторлар, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер Шаруашылықты орналастыруда кеңістіктік факторлары..... атқарады. Ауыл шаруашылық салаларын орналастыруда.....басымдық көрсетіледі. Өнеркәсіп салалары үшін.....
Пәнаралық байланыс:	экономика, тарих, жаһандық перспективалар пәні
Құндылықтар:	Оқушылардың шаруашылықты орналастыру факторларының ел экономикасы мен адам өміріндегі маңыздылығына назар салу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
басы: (0-3 минут)	Оқушыларды сабаққа ұйымдастыру - Амандасу; - Оқу құралдарын түгендеу	
ортасы: (4-7 минут)	I. Кіріспе -Ой шақыру (C)Шаруашылықты орналастырудың біздің өміріздегі маңызы қандай? Сабақтың тақырыбы анықталады. Сабақтың мақсаты анықталып, бағалау критерийлерімен танысады.	Презентация
ортасы: (8-15 минут)	Мұғалім іс-әрекеті: Мұғалім оқушыларға шаруашылық салаларын орналастыру факторлары туралы қосымша мәтінмен танысуды және жұптарымен талдауды ұсынады. Оқушы іс-әрекеті: Оқушылар шаруашылық салаларын орналастыру факторлары туралы қосымша мәтінмен танысады және жұптарымен талдап, факторларды анықтайды.	Қосымша мәтін: Шаруашылық салаларын орналастыру факторлары http://melimde.com/deris-1-geografiya-filimdarini-jjesi-oni-ttastifi-sratar.html Презентация

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ортасы: (16-26 минут)	Мұғалім іс-әрекеті: Мұғалім оқушыларға шаруашылық салаларын орналастырудағы кеңістіктік және заманауи факторларды салыстырып талдауды ұсынады. Бұл жерде оқушылар фактордың айырмашылығы мен ұқсастығын көрсете алады. Оқушы іс-әрекеті: (Ж) Оқушылар шаруашылық салаларын орналастырудағы кеңістіктік және заманауи факторларды көрсететін сызбанұсқа құрады және оларды салыстырып, талдайды. Ұсыныс:Мұғалім оқушыларға мәтінді пайдалануға бағыттап отырады. Мәтінде берілген факторларды анықтап жіктей алулары керек.	Сызбанұсқа
ортасы: (27-37мин.)	Мұғалім іс-әрекеті: Мұғалім оқушыларға ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларын шаруашылық салаларын орналастырудағы факторлардың маңыздылығын ескере отырып орналастыру моделін жасауды ұсынады. Оқушы іс-әрекеті: Оқушылар өз таңдаулары бойынша ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларын біреуін шаруашылық салаларын орналастырудағы факторларын ескере отырып орналасу моделін құрастырады. Шаруашылық салалары: өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, машина жасау өнеркәсібі, мұнай өңдеу өнеркәсібі, химия өнеркәсібі Ұсыныс: Мәтінде берілген ақпараттарды көмекші құрал ретінде пайдаланулары керек. Оқушылар бірін-бірі бағалайды. Бағалау критерийі Оқушы - шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік факторларды талдайды - дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторларын талдайды Ойлау дағдылары Қолдану Талдау Дескриптор: - шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік факторларды талдай алады - дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторларын талдай алады - аул шаруашылығы салаларын орналастыру моделін жасай алады - өнеркәсіпті орналастыру моделін жасай алады-	Презентация
соңы: (38-40мин.)	РЕФЛЕКСИЯ Ресторан әдісі ☐ Тағамның ең дәмдісі(сәтті жері) ☐ Тағамның ең ащысы(қиын тұстары) ☐ Тағамға қосар дәмдеуіштер(ұсыныстары)	